

## Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада Алматы жылу электр орталығының булану қондырғысын ұлғайтуға есеп жасалды.

Жылу энергетикалық орталықтың энергетикалық, техникалық-экономикалық және экологиялық көрсеткіштері анықталды. Халық шаруашылығында энергия түрлерін пайдалану тиімділігін арттыру және электр энергиясы мен жылу энергиясын өндіруде отынның өзіндік құнын төмендету, халық шаруашылығында бу қондырғыларын пайдалану тиімділігін арттыру, цикл ішінде отынды буға айналдыру процестері, түрлі әдістер негізінде генераторларды пайдалану тиімділігін арттыру, ең тиімді жаңа технологиялық процестерді игеру тәсілдері қарастырылған. Жылу электр станцияларының тиімділігін одан әрі дамыту жолдары, жылу машиналарының, қондырғылардың принципті жұмыс істеу процестері, бу турбиналық циклдың тиімділігін арттыру тәсілдері зерттелді.